

| | |
|--|--|
| Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: | Денелердің өзара әрекеттесуі |
| Мектеп: | Харьков орта мектебі |
| Күні:19.05.17 жыл | Мағзам Жанар |
| Сынып:7А | Сынып:7А |
| Сабақ тақырыбы: | Деформация |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 7.2.2.3 – пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар : пластикалық және серпімді деформация түрлерін ажыратады; Оқушылардың көбі: пластикалық және серпімді деформацияға мысалдар келтіреді; Кейбір оқушылар: пластикалық және серпімді деформация түрлерін экспериментте қолданады. |
| Бағалау критерийі | 1.деформация түрлерін біледі және ажырата алады; 3.деформация түрлеріне мысалдар келтіре алады; 4.деформация түрлерін эксперимент жүзінде қолдана алады. |
| Тілдік мақсаттар: | Массамен салмақ туралы білетіндерін, жеке пікірлерін айтып,өз ойларын дамыта отырып,ауызша және жазбаша түрде талқылай алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | Жалпға бірдей еңбек қоғамы. Топты тыңдай білу, ой пікірлерімен санасу, өз ісіне тиянақтылық,белсенділік,жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру. |
| Пәнаралық байланыстар: | Математика |
| Алдыңғы білім: | Оқушылар ХБЖ бойынша массаның өлшем бірлігін есте сақтаулары тиіс. |

Ұйымдастыру кезеңі.

1. **Пішіндер арқылы топқа бөлу**, Психологиялық ахуал туғызу -2 мин
2. **Сіз қаншалықты сенесіз?»** әдісі арқылы үй тапсырмасын тексеру -3 мин
4. Оқушыларға проблемалық ой түртіп, жаңа тақырыпқа шығу -5 мин

1. Күш векторлық шама

2. Гук заңы-деформация кезінде пайда болатын серпінділік күші дененің абсолют ұзаруына тура пропорционал және деформацияланған бөлшектердің орын ауыстыруына қарама-қарсы бағытталған.

3. Күшті өлшейтін құрал-Динамометр

4. Күштің өлшем бірлігі Н

Жаңа тақырыпқа шығу.

Оқушыларға серіппе, пластилин, доп таратылып беріледі.

Осы заттарды оқушылар қысып, созып, бұрап, майыстырып көреді.

Бұл денелердің пішіндерінің қалай өзгергендігі туралы өз ойларын айтады.




Сабақтың басы:

Төмендегі денелер бойынша деформация түрлеріне мысалдар келтіріп кестеге енгізіңіздер. Топпен жұмыс

| Деформация түрлері | Мысалдар |
|--------------------|----------|
| Созылу | |
| Сығылу | |
| Бұралу | |
| Майыстыру | |
| Ығыстыру | |

Сабақтың басы: Топпен жұмыс
Ромбтық жіктелім бойынша “Деформация”
тақырыбын талдап,кестеге енгіземіз.



| | |
|--|---|
| Бөлімі | Денелердің өзара әрекеттесуі |
| Сабақ тақырыбы: | Деформация |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 7.2.2.3 – пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру |
| Сабақ мақсаты: | Білу, түсіну, қолдану. |
| Бағалау критерийі | <ol style="list-style-type: none"> 1. Деформация түрлерін біледі және ажырата алады. 2. Деформация түрлеріне мысалдар келтіре алады. 3. Деформация түрлерін эксперимент жүзінде қолдана алады. |

Тапсырма 2

Графикалық органайзердің Ромбтық жіктелім бойынша «Деформация» тақырыбын талдау.

| | |
|--|---|
| Бағалау критериялары | Дескрипторлар |
| Пластикалық және серпімді деформацияларды ажырата алу. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Пластикалық және серпімді деформацияны ажырата алады. 2. Деформация түрлерін графикалық органайзерлерге сала алады 3. Органайзерді қорғай алады. |

Эксперименттік тапсырма.

Оқушыларға күнделікті тұрмыста қолданылатын денелер арқылы деформация құбылысын жасап көрсетеді.

Сабақтың соңы:Рефлексия

«Борт журналы» әдісі арқылы кестені толтыру.Жеке жұмыс

Берілген тақырып
бойынша бұрыннан
білетінім


-
-
-
-
-
-

Мәтінді оқып жаңадан
білгенім

Болжамдар

Тың деректер

«Бағалу ағашы»



- Оқушылар себеттегі *алма, гүл және жапырақ* түріндегі жапсырма қағаздарды қабырғаға ілінген алма ағашына жапсыру арқылы сабақ бойынша ойларын қорытады, мұндағы:
- **Алма** – бүгінгі сабақтан түйгенім өте көп, маңызды болды.
- **Гүл** – бүгін көп нәрсені түсіндім, маған пайдалы болды.
- **Жапырақ** – бүгін сабақта түсінбеген сұрақтарым бар, оқуым керек

| | | |
|---|--|--|
| <p>Саралау–оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p> | <p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз</p> | <p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p> |
| <p>1. Жеке жұмыс жасау (сұрақ-жауап арқылы). 2. Тапсырманы орындау тәсілі арқылы (жазшаба, топпен жұмыс). 3. Оқушы мен мұғалым, оқушымен оқушы арқылы сұрақ-жауап, диалог арқылы.</p> | <p>1. Өзін-өзі бағалу. 2. Топта бірін-бірі бағалау. 3. Кері байланыс.</p> | <p>Физика сабағында ҚТ ережесін сақтау.</p> |